

"Сейфуллин оқулары– 14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру - жаңа даму кезеңі » атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация - новый этап развития». -2018. - Т.1, Ч.1. - Б.146-149

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МАҚТААРАЛ АУДАНЫНДАҒЫ «АТАМЕКЕН-МК» ЖШС ЖАҒДАЙЫНДА МИНЕРАЛДЫ ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫҢ МАҚТА ӨНІМДІЛІГІНЕ ӘСЕРІ

Жүсіпқалиева Ш.С., Кашкаров А.А.

Оңтүстік Қазақстан өңірі – мақта өсіретін жалғыз аймақ. Мақта – шаруашылықта сұранысқа ие өнім болып табылады. Қазақстанда мақта шаруашылығымен шамамен 150 жыл бойы оңтүстік өңірі айналасып келе жатқанына қарамастан қарамастан, ұзақ уақыт өзбек және шет жерден әкелінген сұрыптар пайдаланылатын. Түркістан селекциялық станциясы құрылғанға дейін, селекциямен Әндіжан және Голодностепной эксперименттік станциялары айналысатын, ол жерлерде бірінші орыс (кеңестік) сұрыптары және «Навроцкий», «Триумф Навроцкого», «169-Дехкан», «182-Ак-Джура», «508-Батыр» [1]. сұрыптары шығарылды. Бірақ қазақстандықтар И. Үмбетов бастаған ғалымдар мақта ғылыми-зерттеу институты көпжылдық жұмыс нәтижесінің арқасында өздерін нөлдік кезең басында жарияланды. «Қазақ мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС қазіргі таңда ортаталшықты мақтаның әртүрлі қолайсыз факторларға төзімді, өнімділікті 5-6 ц/га арттыратын, отандық, инновациялық жаңа 12 сұрпын шығарды (оның 5-і аудандастырылған ПА-3031, ПА-3044, М-4005, М-4007 және М-4011). Шығарылған мақта сұрыптары өндіріске ендіріліп, бүгінгі таңда республикамыздың жалпы мақта алқабының 89% аумағында өсірілуде [2].

Ал, Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданына қарасты Асық ата елді мекенінің мақтасы қазіргі таңда Қазақстан Республикасының медицина саласында алатын орны ерекше зор. Жалпы мақта өнімі тыңайтқыштарды жоғарғы деңгейде қажет етеді. Елді мекеннің, зерттеліп отырған шаруа қожалығының ескі суармалы аймағының ақшыл сұр топырағы қарашіріндімен азотты қажет етеді. Жалпы оңтүстік өңір тұздануға ұшыраған аймақтар қатарында, себебі соңғы кездері дренаждық жұмыстар жүргізілмеген. Мақта өсіру шаруашылығында азот және фосфор тыңайтқыштары маңызды рөл атқарады, ал калийға бай өңірлер калий тыңайтқыштарын аса көп қажет етпейді. Мақтаның бітік және мол өнім беруінде калий тыңайтқыштары тиімді, егер ол жер азот және фосфор

тыңайтқыштарымен мол қамтамасыз етілсе және ауыспалы егін егуде жоңышқа егілген жерлерге қолданылса [3].

ЖШС «Атамекен-МК» 2004 жылы құрылды. ЖШС «Атамекен-МК»-ның өз жері, мақта өнімдерін өндіруге арналған қажетті жабдықпен жабдықталған өндірістік цехтар, білікті мамандары және техникалық базасы бар мекеме.

Мақта мақта, техникалық мақта, матрацтар, витаминдер, брезентпен, төсек-орын маталарымен, мақта өсірумен айналысады. Қазір мұнда 100-1200 тонна стерильді мақта өндіріледі.

Мұнда 265 адам жұмыспен қамтылған. Жылына 60 мың тонна мақта шикізатын дайындап, оны ТМД мемлекеттеріне экспорттайды. Қазақстандағы тұқымдық шиттің 70-80 пайызын дәл осы кәсіпорын дайындайды. Кооперация иелігіндегі 400 гектар жерге мақта, жоңышқа, тағы да басқа дақылдар егіледі.

Жалпы Мақтаарал ауданында ағымдағы маусымда мақта 95 мың гектарға отырғызылды. Өнімділігі гектарына 21-24 центнерді құрайды. «Ақ алтын» қабылдау пункті тоннасына 165 мың теңге бағамен өндірісті қабылдайды. Жалпы, биылғы жылы Оңтүстік Қазақстан облысында 134,6 мың гектар жерді мақта отырғызды. Бұл өткен жылғыдан 25 мың гектарға артық. 2016 жылы бір гектардан 26,2 центнерден орташа шығымдылығы бар шаруалар 286,4 мың тонна ақ түсті алтын жинады. Биылғы жылы егістік көлемінің ұлғаюына байланысты облыста 300 мың тоннадан астам мақта жинау жоспарланып отыр [4].

Климаттың атмосфералық өзгеруі [CO₂], температура мен жауын-шашынның өзгеруі мақтаның физиологиясы мен өнімділігіне әсер етуі мүмкін [5].

Мақтарал ауданының климатына тоқталатын болсақ, аудан климаты шұғыл-континентті. Аудан климаты облыс көлеміндегі құрғақ климатты аймақтар қатарына жатады. Мақтарал аумағының климатын қалыптастыруда төменгі факторлар әсер етеді:

Орта ендікте орналасуына байланысты радиациялық баланстың жоғары болуы;

Атмосфералық циркуляциясының үрдістеріне әсер ететін жер бедерінің тегіс болуы. Құрлықтың орталық бөлігінде орналасуынан;

Дүние жүзілік мұхиттардан қашық болуына байланысты климаты шұғыл-континентті болып келеді;

Орта ендікте орналасуына сай күн радиациясының қарқыны жоғары әрі аумақтың мол жылу алуына аридті ландшафт қалыптасу процесі қарқынды жүреді [6].

Ал зерттелетін аймақтағы, яғни Асық ата ауылының климаттық жағдайы 1-кестеде көрініс табады:

1-кесте. Асық ата ауылы климаты

Асық ата ауылы климаты													
Көрсеткіш	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	Жыл
Орташа	1,9	3,9	10,	17,	22,	27,	28,	26,	21,	15,	9,4	4,7	15,7

температура, °С			2	1	1	0	8	7	7	0			
Жауын- шашын нормасы, мм	51, 8	49, 0	67, 9	63, 1	34, 8	7,0	5,7	0,9	4,5	35, 6	42, 4	51, 1	413, 8

1 тонна шикі мақта өндірісін алу үшін мақта сығындылары топырақтан өсімдік массасымен шамамен 40-50 кг азот, 15-20 кг фосфор және 50-70 кг калий шығарады. Зерттелетін танапқа аз көлемде фосфор мен азоттың тиімді қолданылуы, сондай-ақ карбамид, аммофос тыңайтқыштарын да қолданып, өз кезегінде мақтаның мол өнім беруіне өз септігін тигізуін қамтамасыз ету қарастырылуы қажет [7]. Вегетациялық кезеңде мақтаның қоректік элементтермен қамтамасыз етілуінің өз ерекшелігі бар. Бастапқы кезде фосформен, кейін гүлденгенге дейін теңдей көлемде азот және фосформен қоректендіріп отыру керек. Сондықтан жоғары өнім алу үшін топырақтағы азот пен фосфордың көлемін есепке ала отырып, мақтаға оңтайлы мөлшерін беру мол өнімге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Мақтадан мол өнім аламыз деп, топыраққа мән бермеуге болмайды. Болашақта топырақтың құнарлылығын жоғалтпау мақсатында көптеген шараларды іске асыру керек. Сондықтан мақтадан тұрақты да мол өнім алу үшін тұқым себердің алдындағы топырақ өңдеудің маңызы өте зор. Бұл шара мыналарды қамтиды:

- сүдігер айдау алдында топыраққа гектарына 600-800 кг суперфосфат және 30-40 т көң енгізу;
- топырақ шаю;
- ылғал жабу мақсатында ерте көктемде тырмалау;
- топырақты аудармай терең өңдеу;
- танапты тегістеу және тұқым себер алдында тырмалау [8].

1 гектардан 35-40 центнер мақта шитін алу үшін әртүрлі топыраққа енгізілетін тыңайтқыштардың мүмкін көлемі 2-кестеде көрсетіледі [3].

2-кесте. Әртүрлі топырақта мақта үшін тыңайтқыштың мүмкін нормасы, 1 га тиісілі қоректік заттар (кг)

Әртүрлі топырақта мақта үшін тыңайтқыштың мүмкін нормасы, 1 гектарға тиісілі қоректік заттар (кг)			
Топырақтар	N	P ₂ O ₅	K ₂ O
Қара сұр топырақтар/ Темные сероземы	140-165	110-120	40-45
Темнолуговые	120-145	120-130	60-80
Кәдімгі сұр топырақ/Типичные сероземы	150-175	110-120	40-45
Ашық сұр топырақ/ светлые сероземы	160-185	110-120	40-45

Қорытындылай келе, Оңтүстік Қазақстан - мақта өсірілетін елдегі жалғыз аймақ. Мақтадан жоғары және тұрақты өнім алудың маңызды шарттарының бірі — топырақ өңдеудің дұрыс жүйесін қолдану болып

табылады. Ол күзде және көктемдегі егін себер алдындағы топырақ өңдеу жұмыстарынан тұрады. Күзде топырақты негізгі өңдеу тәсілі мақтаның алғы дақылдарына байланысты. Алғы дақыл жоңышқа қыртысы болған жағдайда жерді сыдыра жырту жоңышқаның көктеп кетуін тежейді. Жер ПЯ-3-35 соқасымен жыртылатын болса ғана оны сыдыра жыртқыштармен өндеген дұрыс [9].

Оңтүстік Қазақстан «Ақ алтынның» жоғары шығымдылығы алынған аймақ ретінде өзін әлемде жариялайды. Халықаралық мақта консультативтік комитетінің мәліметі бойынша, 2016 жылы бұл көрсеткіш бойынша әлемде 90 мақта өсіретін елдер арасында Қазақстан 12 орынға ие болды.

Әдебиеттер тізімі

1. Казахстанской хлопковой отрасли нужен новый импульс развития. [Электронный ресурс]: КазахЗерно новости и аналитика зерновых культур. – 5.09.2017. –Режим доступа: <http://kazakh-zerno.kz>, свободный.

2. «Қазақ мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС сайты [Электронный ресурс]: <https://www.kazcotton.com>, свободный.

3. Агрохимия. - 2-е изд., перераб. и доп. под ред. Смирнов П.М., Муравин Э.А. М.: Колос, 1984. —С. 304

4. С. Буянов. Қазақстандық аграршылар 2017 жылдың қорытындысын шығарды. // Газета «Казах-ЗЕРНО». –2017. –С. 5.

5. The effect of elevated atmospheric [CO₂] and increased temperatures on an older and modern cotton cultivar. Katrina J. Broughton A B E, Michael P. Bange A B C, Remko A. Duursma C, Paxton Payton D, Renee A. Smith C, Daniel K. Y. Tan B and David T. Tissue C. –2017. Functional Plant Biology Volume: 44 Issue: 2 Pages: 267-278.

6. Н.С. Аманбаев. Мақтарал ауданының физикалық-географиялық жағдайы [Электронный ресурс]: G-Global коммуникативная площадка. Экономика Казахстана. –24.01.2017. –Режим доступа: <http://group-global.org>, свободный.

7. Елешев Р.Е., Умбетаев И. Влияние короткоротационных севооборотов на плодородие почвы. // Вестник с/х науки Казахстана. –2010. – №3. –С. 21-23.

8. Оңтүстік Қазақстанда мақта шаруашылығының даму тарихы. [Электронный ресурс]: <https://stud.kz>, свободный. –2016.

9. Мақта өсіру технологиясы. [Электронный ресурс]: Қазақстандық ашық мәліметтер порталы. –2015. Режим доступа: <http://ikaz.kz>, свободный.